

STIHL GS 461

STIHL



2 - 34 Қолдану нұсқаулығы
34 - 66 Инструкция по эксплуатации



Мазмұны

1	Қолдану нұсқаулығына.....	2
2	Қауіпсіздік техникасы ережелері және жұмыс техникасы.....	3
3	Қолдану мысалдары.....	10
4	Кескіш гарнитура.....	12
5	Бағыттаушы шина мен алмасты абразивті-қиылатын шынжырды монтаждау.....	13
6	Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды керу.....	14
7	Алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың көрнеуін тексеру.....	15
8	Жанармай.....	15
9	Жанармайды толтырып құю.....	16
10	Моторды іске қосу / тоқтату.....	18
11	Қолдану жөніндегі нұсқаулар.....	21
12	Ауа тазалау сүзгісінің жүйесі.....	22
13	Ауа фильтрін шешу.....	22
14	Ауа тазалау сүзгісін тазалау.....	22
15	Карбюраторды ретке келтіру.....	23
16	От алдыру білтесі.....	24
17	Құрылғыны сақтау.....	25
18	Бағыттаушы шинаны бабында ұстау.....	25
19	Шынжырлы тісті доңғалақты тексеру және ауыстыру.....	26
20	Алмасты абразивті-қиылатын шынжырға техникалық қызмет көрсету және қайрау.....	27
21	Техникалық қызмет көрсету және күтім көрсету жөніндегі нұсқаулар.....	27
22	Тозуды азайту және ақаулардың алдын алу.....	29
23	Маңызды толымдаушылары.....	30
24	Техникалық сипаттамалар.....	31
25	Жөндеу бойынша нұсқаулар.....	32
26	Көдеге жарату.....	32
27	ЕО нормаларына сәйкестік сертификаты.....	33
28	Мекенжайлар.....	33


Құрметті сатып алушылар,

STIHL фирмасының жоғары сапалы бұйымын сатып алуға бел байлағаныңыз үшін үлкен рахмет айтамыз.

Аталған бұйым өндірістің озық технологияларын қолдана отырып, сонымен қатар сапаны қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды ескере отырып дайындалған. Осы агрегат Сіздің көңіліңізден шығуы үшін және оны еш кедергісіз қолдануыңыз үшін біз қолымыздан келгеннің барлығын істеуге тырысамыз.

Егер Сізде агрегатыңызға қатысты сұрақтар туындаса, өз дилеріңізге немесе біздің өткізу компаниямызға жүгінуіңізді сұраймыз.

Сіздің



Др. Nikolas Stihl

1 Қолдану нұсқаулығына**1.1 Графикалық бейнелеу**

Агрегатқа жабыстырылған графикалық бейнелеудің анықтамасы, осы пайдалану нұсқаулығында келтірілген.

Агрегаттың түріне және жарақтандыруына байланысты, агрегатқа келесі графикалық бейнелеу жабыстырыла алады.



Жанармай бағы; бензин мен мотор майының жанармай қоспасы



Шынжырдың қозғалыс бағыты



Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды керу



От алдыру білтесін іске қосу



Су беруге арналған келте құбыр, тиектегіш шүмек

1.2 Мәтін бөлімдерінің белгіленуі

Сақтандыру

Жазатайым оқиғаның және жарақат алудың, сонымен қатар күрделі материалдық нұқсанның қаупі жайында адамдарға ескерту.

Нұсқау

Құрылғының немесе жекелеген толымдаушылардың бүліну мүмкіндігі жайында ескерту.

1.3 Техникалық өзірленім

STIHL компаниясы барлық машиналарды және құрылғыларды одан әрі өзірлеумен ұдайы айналысуда; сондықтан пішін, техника

және жабдықтар бойынша жеткізілімнің толымдаушыларына барлық өзгерістерді енгізу құқығын өзімізге қалдыруға тиіспіз.

Сол себепті осы қолдану жөніндегі нұсқаулықтың нұсқауларына және суреттеріне қатысты ешқандай кінәраттар тағыла алмайды.

2 Қауіпсіздік техникасы ережелері және жұмыс техникасы



Тасқа арналған мотошапқышпен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік іс-шараларын қолдану қажет, себебі жұмыс шынжырдың айналу жылдамдығы өте жоғары болғанда жасалады.



Алғаш рет қолданысқа енгізген кезде, пайдалану нұсқаулығымен мұқият танысып алыңыз және алдағыда пайдалану үшін сенімді жерге сақтап қойыңыз. Пайдалану нұсқаулығын сақтамау өмірге қауіп төндіруі мүмкін.

Қауіпсіздік нұсқауларына қатысты жергілікті ережелерді, мысалы кәсіподақтардың, әлеуметтік кассалардың, еңбекті қорғау жөніндегі органдардың және басқа мекемелердің ережелерін сақтаңыз.

Қозғалтқыштың агрегатымен бірінші рет жұмыс істейтін әрбір адам: Агрегатты қалай қолдану керектігі туралы сатушыдан немесе басқа маманнан нұсқау алуы керек немесе арнайы оқу курсынан өтуі қажет.

Қараумен оқытылып жатқан 16 жасқа толған жас адамдарды қоспағанда, кәмелеттік жасқа толмағандарға мотоқұрылғымен жұмыс істеуге рұқсат берілмейді.

Балалар, жануарлар және бөгде адамдар алшақта болуы тиіс.

Егер де қозғалтқыштың агрегаты қолданылмаса, оны ешкімге кедергі келтірмейтіндей етіп аулақ қойған жөн. Қозғалтқыштың агрегатын рұқсатсыз қолданудан қорғаныңыз.

Пайдаланушы жазатайым оқиғалар үшін немесе басқа адамдарға немесе олардың мүлкіне төнетін қауіп үшін жауапты болады.

Қозғалтқыштың агрегатын, оның осы үлгісімен мұқият танысып алған және қолдануға жақсылап үйретілген адамдарға ғана беруге

немесе жалға беруге рұқсат етіледі – әрқашан Пайдалану нұсқаулығын көрсетіңіз.

Қатты шуыл шығаратын қозғалтқыштың агрегатының қолданылуы, уақыт өте келе ұлттық және жергілікті нұсқаулармен шектеле алады.

Қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істейтін адамдар демалған, дені сау болуы керек және дене күшінің жағдайы жақсы болуы қажет.

Денсаулық жағдайы бойынша жүктеме ұсынылмайтын адамдар, қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істей алатындығы туралы дәрігерден кеңес алуы тиіс.

Имплантацияланған кардиостимуляторы бар адамдарға ғана: Аталған қозғалтқыштың агрегатының от алдыру жүйесінен өте аз ауқымдағы электр магнит өрісі туындайды. Кардиостимуляторлардың жекелеген түрлеріне электр магниттік өрістің тигізетін әсерін толықтай алып тастауға болмайды. Денсаулыққа төнетін қауіптен сақтану мақсатында STIHL компаниясы емдеуші дәрігерге және кардиостимулятордың дайындаушысына жүгінуге ұсыныс береді.

Алкогольді, жауап қайтару қабілетін төмендететін дәрілерді немесе есірткіні тұтынғаннан кейін қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істеуге болмайды.

Ауа райы қолайсыз болған кезде (жаңбыр, қар, мұз, жел) жұмыстарды кейінге қалдыру қажет – **Жазатайым оқиға қауіпі төнуі мүмкін!**

Қозғалтқыштың агрегаты тек қана абразивті-қиылатын қондырғымен кесуге арналған.

Қозғалтқыштың агрегатын басқа мақсаттар үшін қолдануға болмайды, себебі **Жазатайым оқиға қауіпі төнуі мүмкін!**

Ол сүректі немесе ағаштан жасалған заттарды кесуге жарамайды.

Асбест шаңы денсаулыққа өте зиянды – **асбастті ешбір жағдайда кеспенізі!**

STIHL компаниясы тарапынан осы қозғалтқыштың агрегатына рұқсат берілген құрал-сайманды, бағыттаушы шиналарды, алмасты абразивті-қиылатын шынжырларды немесе өзінің технологиялық сипаттамасы жағынан ұқсас болып келетін құрал-жабдықтарды ғана қолданыңыз. Қандай да бір сұрақтар туындаса мамандандырылған дилерге жүгініңіз. Жоғары сапалы құрал-саймандарды немесе керек-жарақтарды ғана

қолданыңыз. Керісінше жағдайда, жазатайым оқиғаның туындау қаупі немесе қозғалтқыштың агрегатының бүліну қаупі төне алады.

STIHL компаниясы, STIHL компаниясы ұсынған түпнұсқалы бағыттаушы шиналарды, алмасты абразивті-қиылатын шынжырларды, шынжыр жұлдызшаларын және құрал-жабдықтарды қолдануға кеңес береді. Олар өздерінің сипаты жағынан агрегатпен оңтайлы түрде келістірілген және пайдаланушының талаптарына сай келеді.

Агрегаттың құрылымына қандай да бір өзгерістерді енгізбеңіз, бұл жағдайда қауіптілік төнуі мүмкін. STIHL компаниясы қолданысқа рұқсат етілмеген аспалы құрылғыларды қолданудың салдарынан адамға және мүлікке келтірілген нұқсан үшін жауапты болмайды.

Құрылғыны тазарту үшін ешқандай жоғары қысымды жуғыш қолданбаңыз. Судың қатты ағыны агрегаттың бөлшектерін бүлдіре алады.

2.1 Киімдер мен жарақтар

Белгіленген киім мен жабдықтауды қолданыңыз.



Киім мақсатқа сай қолданылуы тиіс және жұмысқа кедергі келтірмеуі қажет. Денеге тығыз тиіп тұратын киім ұсынылады – комбинезон, бірақ жұмыс халаты емес.

Жұмыс істегенде, агрегаттың қозғалмалы бөлшектеріне ілініп қала алатын киімді кимеңіз – мойынорауыш, галстук және ешекейлер. Ұзын шашты иықтан жоғары болатындай етіп ораңыз және бекітіңіз.



Тайғанамайтын кедір-бұдырланған табаны бар **қорғаныш етігін** және болат қақпақты қолданыңыз.



Сақтандыру



Көзге жарақат келтіру қауіптілігін төмендету үшін EN 166 стандартына сәйкес қорғаныс көзілдірігін пайдаланыңыз. Қорғаныс көзілдірігінің дұрыс орнатылғанына назар аударыңыз.

Бет қорғанысын пайдаланыңыз және оның дұрыс орнатылғанына назар аударыңыз. Қорғаныс бетпердесі, көзді жеткілікті

дәрежеде қорғай алатын қорғаныс бұйымы емес.

Шуылдан қорғайтын «жеке» құралдарды, мысалы естуді қорғауға арналған капсуланы қолданыңыз.

Төменге қарай құлайтын заттардан жарақат алып қалатын қауіптілік төнетін болса, онда қорғаныс дулығасын киіңіз.

Жұмыс барысында шаң (мысалы, кесілетін заттан шығатын кристалл материалы), бу және түтін түзіле алады – **денсаулыққа қауіп төнуі мүмкін!**

Шаң түзілетін болса, **Шаңға қарсы маска** тағыңыз.

Бу немесе түтін түзіле алатын жағдайда (мысалы, көп қабатты материалдарды кескен кезде) **респиратор** таққан жөн.



Тозуға төзімді материалдан (мысалы, теріден) жасалған берік жұмыс қолғаптарын киіңіз.

STIHL компаниясы жеке қорғаныш құралдарының кең бағдарламасын ұсынады.

2.2 Қозғалтқыштың агрегатын тасымалдау

Қозғалтқышты әрқашан тоқтатып, шынжыр қорғанысын орнатыңыз.

Агрегатты тасыған кезде, оны түтікті саптан ұстап тасыңыз – бағыттаушы шинаны артқа қарай қайырыңыз, ал қызып тұрған шу басқышты денеден алшақ ұстаңыз.

Агрегаттың қызып тұрған бөлшектерін, әсіресе шу басқыштың беткі қабатын ұстамаңыз, себебі **күйік алып қалуыңыз мүмкін!**

Автокөліктің ішінде: Қозғалтқыштың агрегатын төңкерілуден, бүлінуден және жанармайдың ағып кетуінен қорғаңыз.

2.3 Жанармай толтыру



Бензин оңай тұтанатындықтан – жанып тұрған отқа жақын қашықтықта жұмыс істемеңіз, жанармайды ағызбаңыз, темекі шекпеңіз.

Жанармайды құймас бұрын моторды сөндіріп қойыңыз.

Мотор толығымен суымайынша, оған жанармайды құймаңыз, себебі жанармай ағып

кете алады, соның салдарынан **өрттің туындау қаупі төне алады!**

Артық қысым баяу төмендеуі үшін және жанармай шашырамауы үшін бактың қақпағын абайлап ашыңыз.


Жанармайды жақсылап желдетілетін жерлерде ғана құйыңыз. Егер жанармай төгіліп кетсе, қозғалтқыштың агрегатын дереу тазарту керек - жанармайды киімге тамызбаңыз, керісінше жағдайда киіміңізді дереу ауыстырыңыз.

Қозғалтқыштың блогында, әсіресе карбюраторды айналасында шаң жинала алады. Шаңды бензинмен сіңірген кезде, тұтану қаупі төнуі мүмкін. Қозғалтқыштың блогын шаңнан үнемі тазартып тұрыңыз.



Саңылауы бар екеніне назар аударыңыз! Жанармай ағып кеткен жағдайда, моторды іске қоспаңыз – **күйіктің салдарынан өмірге қауіп төне алады!**

2.3.1 Байонеттік жапқышы бар Бактың қақпағы



Ешбір жағдайда Байонеттік жапқышы бар Бактың қақпағын Құрал-сайманның көмегімен ашпаңыз және жаппаңыз. Осыдан жапқыштың бүлінуі және жанармайдың төгілуі мүмкін.

Жанармайды толтырғаннан кейін, Байонеттік жапқышы бар Бактың қақпағын нықтап жауып қою қажет.

2.4 Алмасты абразивті-қиылатын шынжыр

Алмасты абразивті-қиылатын шынжыр, бағыттаушы шина мен шынжыр жұлдызшасы бір-біріне және тасқа арналған мотошапқышқа сәйкес келуге тиіс.

Тек рұқсат етілген алмасты абразивті-қиылатын шынжырларды ғана қолданыңыз. Рұқсат етілмеген шынжырларды қолданған кезде, кесудің агрессивті сипаттамаларына

жол бермеу мүмкін емес. Бұл, бақылана алмайтын, агрегаттың аса қауіпті күш реакциясына (кері соққыға) себепші бола алады – **қазалы жарақат алудан Қауіптілік төне алады!**

Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды тек көрсетілген материалдарды кесу үшін ғана қолданыңыз, алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың белгіленуіне назар аударыңыз.

Әрқашан су қолданып кесіңіз.

Қолданылған алмасты абразивті-қиылатын шынжырларды орнатудың алдында, жарықтардың, бұрқ етудің, сегменттердің бүлінуін немесе жоғалуын, қызып кету белгілерін (түстің өзгеруі) тексеру керек.

Жарықтары бар немесе сегменттері сынған алмасты абразивті-қиылатын шынжырларды ешбір жағдайда қолданбаңыз. Мамандандырылған дилерге жүгініңіз.

2.5 Қосудың алдында

Тасқа арналған мотошапқыштың мінсіз жұмыс атқаруын бақылаңыз және Пайдалану нұсқаулығындағы тиісті бөлімге назар аударыңыз:

- Жанармай жүйесінің герметикалылығын, әсіресе көрінетін бөлшектерін, мысалы бактың қақпағын, шланг байланыстарын, қолмен атқарылатын жанармай сорғысын (тек қана қолмен атқарылатын жанармай сорғысы бар қозғалтқыштың агрегатында) тексеру керек. Герметикалы емес болса немесе қандай да бір жерлері бүлінсе қозғалтқышты іске қоспаңыз – **өрттің туындау қаупі төне алады!** Агрегатты пайдалануға беру алдында, оны күйге келтіру үшін мамандандырылған дилерге бергеніңіз жөн
- пайдаланудағы сенімділікке ие алдыңғы қолды қорғау
- Шынжыр жұлдызшасын тексеру
- Жетекші жұлдызша қозғалады
- Бағыттаушы шина дұрыс монтаждalған
- Кесілетін материал үшін алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың жарамдылығын, оның жөнділігін және дұрыс монтаждalғанын (қозғалыс бағыты) тексеріңіз
- дұрыс қысылған алмасты абразивті-қиылатын шынжыр
- Оңай қозғалатын газ иінірегі мен Газ иінірегінің тежеуішісі – Газ иінірегі Бос

жүрістің күйіне автоматты түрде серпілуге тиіс

- Қиыстырылған иінтірек **STOP** немесе **0** күйіне орнатылады
- От алдыру тоқсымындағы түйіспелі ұштықтың берік орналасуын тексеріңіз – штекер берік орналаспаған болса ұшқын шығып, соның салдарынан жанармай-ауа қоспасы тұтанып кете алады – **Өрттің туындау қаупі төне алады!**
- Басқару элементтеріне немесе қорғаныш тетіктеріне кез-келген өзгеріс енгізуге тыйым салынады.
- Саптар майдан және кірден тазартылған, таза әрі құрғақ болуы қажет, онысы тасқа арналған мотошапқышты сенімді түрде басқару үшін маңызды шарт болып табылады

Тасқа арналған мотошапқыш тек қана сенімді қолданыс күйінде қолданылуы қажет – **Жазатайым оқиға қаупі төнуі мүмкін!**

2.6 Қозғалтқышты қосу

Жанармай құю орнынан 3 метрлік қашықтықта және ашық орынжайда іске қосу қажет.


Қозғалтқышты тек тегіс қабатта ғана от алдырыңыз, сенімді және орнықты жерге орналасыңыз, бұл кезде қозғалтқыштың агрегатын нықтап ұстаңыз – алмасты абразивті-қиылатын шынжыр жерге немесе қандай да бір заттарға тимеуге тиіс және қимада болмауы керек, себебі агрегат қосылған кезде, ол айнала бастайды.

Қозғалтқыштың агрегатына тек қана бір оператор қызмет көрсетеді – жұмыс аймағында бөгде адамдардың болуына рұқсат берілмейді – қосу кезінде де ешкім болмауы керек.

Моторды қолдан жібермеңіз – қолдану жөніндегі нұсқаулықта сипатталғандай іске қосыңыз.

Қосудың алдында тиектегіш шүмекті толықтай ашып, алмасты абразивті-қиылатын шынжырға су беру керек – алмасты абразивті-қиылатын шынжыр құрғақ болса, жұмыс істеуге болмайды.

2.7 Құрылғыны қалай ұстау және қалай жүргізу қажет



Қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істеген кезде, оны өркез **екі қолыңызбен нықтап ұстаңыз**: Оң қолыңыз сапта тұрады – солақайларға да осылайша болады. Бензин арасын сенімді түрде басқару үшін түтікшелі тұтқышты және тұтқышты бас бармақпен тығыздап ұстап алыңыз.

Өңделетін бұйым сенімді түрде қойылуы қажет, Агрегатты әрқашан жанына тақау керек, бірақ ешбір жағдайда керісінше жасамаңыз.

2.8 Жұмыс барысында

Әрқашан сенімді және орнықты күйге қойыңыз.

Қауіптілік төнетін болса немесе апатты жағдай орын алса, қозғалтқышты бірден сөндіріңіз – қиыстырылған иінтіректі **STOP** немесе **0** күйіне орнатыңыз.

Құрылғыға тек қана бір оператор қызмет көрсетеді – жұмыс аймағында бөгде адамдардың болуына рұқсат берілмейді.

Тесіктер, ойықтар және т.б. болса өте сақ болуыңыз керек, себебі олардың артында біреу болуы мүмкін – алдымен қарап алыңыз.

Қозғалтқыштың агрегатын ешқашан да қараусыз қалдырмаңыз.

Егер де Қозғалтқыш жұмыс істемесе: газ иінтірегін жібергеннен кейін алмасты абразивті-қиылатын шынжыр тағы біраз уақыт бойы айнала береді – **шеңбердің инерциялық түрде жүгіріп шығуынан жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!**

Тайғанақ, ылғал болғанда, қар басқанда, тау еңісінде, кедір-бұдыр және тағы басқа жерлерде абайлаңыз – **Тайғанау қаупі төне алады!**

Сүйеп қоятын баспалдаққа шығып, иықтан жоғары деңгейде бір қолмен жұмыс істеуге тыйым салынады – **Жазатайым оқиға қауіпі төнуі мүмкін!**

Жұмыс жүргізу аумағын тазартыңыз – кедергілерге, шұңқырларға және жыраларға назар аударыңыз.

Жалғыз өзіңіз жұмыс істеменіз – апат болған жағдайда көмек көрсете алатын басқа адамдар ести алатын қашықтықты міндетті түрде сақтау қажет.

Естуді қорғауға арналған құралдарды пайдаланған кезде, аса мұқият және сақ болуыңыз керек, себебі ескерту дыбыстарын сезу қабілеті (айғайлар, дыбыс дабылы және т.б.) шектеледі.

Шаршап, шалдығуды болдырмас үшін, жұмыс барысында уақытымен үзіліс жасап тұрғаныңыз жөн – **Жазатайым оқиға қауіпі төнуі мүмкін!**

Жеңіл тұтанатын материалдарды пайдаланып болған газдардан және шу басқыштың қабатынан алшақ жерде ұстаңыз – **Өрттің туындау қауіпі төне алады!** Катализаторлы шу басқыштар өте қатты қызып кете алады.



Мотор іске қосылғаннан кейін, мотоқұрылғыдан пайдаланылып болған улы газдар бірден шыға бастайды. Бұл газдардың иісі болмауы және көрінбеуі мүмкін, сонымен қатар құрамында көмірсутегілер мен бензол бола алады. Мотоқұрылғыны, соның ішінде катализатормен жабдықталған агрегаттарды ешбір жағдайда жабық немесе нашар желдетілетін орынжайларда қолданбаңыз.

Жыраларда, ойпаттарда немесе тар жерлерде жұмыс істеген кезде, жеткілікті ауа алмасуын қамтамасыз ету қажет. **Улану салдарынан өмірге қауіпі төне алады!**

Лоқсығанда, бас ауырғанда, көру қабілеті нашарлағанда (мысалы, көру ауқымының азаюы), есту қабілетін нашарлағанда, бас айналғанда, назар аудару қабілеті төмендегенде жұмысты дереу тоқтатыңыз – басқа себептердің арасында, аталған симптомдар пайдаланылып болған газдардың жоғары дәрежелі шоғырланымынан пайда бола алады – **Жазатайым оқиға қауіпі төнуі мүмкін!**

Қозғалтқыштың агрегатымен жұмыс істегенде және жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштың агрегатының жанында **төмекі шекпеңіз – Өрттің туындау қауіпі төне алады!** Жанармай жүйесінен жанғыш бензин булары ұшып шыға алады.

Қысқа уақыт аралығында, алмасты абразивті-қиылатын шынжырда жарықтардың, бұрқ етудің, сегменттердің бүлінуін немесе жоғалуын, қызып кету белгілерін (түстің өзгеруі) тексеру керек.

Жарықтары бар немесе сегменттері сынған алмасты абразивті-қиылатын шынжырларды ешбір жағдайда қолданбаңыз. Мамандандырылған дилерге жүгінізіз.

Кескен уақытта сезілетін өзгерістер туындайтын болса (мысалы, қатты Діріл, Кесу қуатының төмендеуі), онда жұмысты тоқтатып, оның себептерін кетіру қажет.

- Қозғалтқышты тоқтатып, алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың тоқтауын күтіңіз
- Алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың күйін және дұрыс кернеуін тексеріңіз
- Пышақтардың егелген дәрежесін ескеріңіз.

Қозғалтқыш істеп тұрған кезде, алмасты абразивті-қиылатын шынжырды ұстамаңыз. Алмасты абразивті-қиылатын шынжыр қандай бір бөгде затпен бұғаттатқан кезде, қозғалтқышты дереу тоқтатыңыз – тек қана осыдан кейін сол затты алып тастаңыз – **Жарақат алу қауіпі төнуі мүмкін!**

Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды ауыстыру үшін қозғалтқышты тоқтатыңыз – **Жарақат алу қауіпі төнуі мүмкін!**

Егер де Қозғалтқыштың агрегаты арналымынан тыс жүктемеге ұшыраған болса (мысалы, соққы немесе құлау нәтижесіндегі күштің әсерінен), алдағыда жұмыс істер алдында агрегаттың қолданас күйін тексеріп алыңыз – «Қосудың алдында» бөлімін қараңыз. Ең алдымен жанармай жүйесінің герметикалылығын және қорғаныш құрылғыларының жұмысын тексеріңіз. Жұмыс барысында қауіпті болатын қозғалтқыштың агрегатын ешбір жағдайда қолданбаңыз. Қандай да бір күмән туындаса, мамандандырылған дилерге жүгінізіз.


Газ иінінтірегін босатқаннан кейін алмасты абразивті-қиылатын шынжыр қозғалмас үшін, бос жүрісте қозғалыстың мінсіз айналуына назар аударыңыз. Бос жүріс тәртіпмесінің

баптауларын үнемі ретке келтіріп тұрыңыз және мүмкіндігінше түзетіңіз. Егер де алмасты абразивті-қиылатын шынжыр бос жүрісте әлі де қозғалып жатса, оны мамандандырылған дилерге жөндеуге апару керек.

2.9 Реакция күші


Кесу уақытында кері беріліс пен қайтарым сияқты күш реакциясы жиі туындайды.

2.9.1 Тартып өкету (A)




Бағыттаушы шинаның астыңғы жағымен абразивті-қиылатын жолмен кескен кезде – алдыңғы қима – алмасты абразивті-қиылатын шынжыр сүректің ішіндегі қатты затқа қысылса немесе тіреліп жатса, онда тасқа арналған моташапқыш, кесілетін затқа қарай күрт тартып өкетіле алады.

2.9.2 Кері соққы (B)



Бағыттаушы шинаның үстіңгі жағымен абразивті-қиылатын жолмен кескен кезде – артқы қима – алмасты абразивті-қиылатын шынжыр сүректің ішіндегі қатты затқа қысылса немесе тіреліп жатса, онда тасқа арналған моташапқыш, пайдаланушыға қарай лақтырыла алады



- Бағыттаушы шинаны қыспаңыз
- кесілетін заттың жылжу мүмкіндігін немесе қиманың қысқа тұйықталуына және алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың сыналануына әкеліп соқтыра алатын басқа себептерді үнемі назарға алу керек
- кескен кезде және одан кейін қима ашық болып қалуы үшін, өңделетін затты сенімді түрде бекіту және ұстау керек
- қимадағы бағыттауыш шинаны төңкермеңіз

2.10 Жұмыстар – абразиялық кесу

Алмасты абразивті-қиылатын шынжырға судың жеткілікті мөлшерін беру керек – алмасты абразивті-қиылатын шынжыр құрғақ болса, жұмыс істеуге болмайды.

Кесілетін материалға қарамастан, әрқашан ылғалмен кесіңіз.

Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды қимаға тікелей енгізіңіз, қисайтпаңыз және бүйірлік жүктеме түсірмеңіз.

Бүйір жақтан тегістеменіз немесе сыдырмаңыз.

Газдың іске қосулы күйінде жұмыс атқармаңыз. Газ иінірегінің мұндай күйінде қозғалтқышының айналым жиілігі реттеле алмайды.


Жұмыс орнын қарап шығыңыз. Құбыржолдардың және электрлік кабельдердің бүлінуі нәтижесінде қауіпті жағдайлардың туындауына мүмкіндік бермеңіз.

Агрегатты жеңіл тұтанатын материалдардың және жанғыш газдардың жанында қолдануға тыйым салынады.

Егер құбырлардың, қаңылтыр металдан жасалған бөшкелердің немесе басқа да Сыйымдылықтардың құрамында қандай да бір ұшқыш немесе тұтанатын заттектер бар/жоқ екеніне сенімді болмасаңыз, оларға кескіш шеңберді ойып орнатпаңыз.

Қозғалтқышты қараусыз қалдырмаңыз. Агрегатты қараусыз қалдырудың алдында (мысалы, жұмыс кезінде үзіліс жасаған кезде), Қозғалтқышты сөндіріп қойыңыз.

Байсалды түрде және ойлап жұмыс істеңіз, бірақ жарық жақсылап түсіп тұруы керек және көрініс айқын болуы қажет. Сақтықпен жұмыс істеңіз – басқа адамдарға қауіп төндірмеңіз.



2411BA003 KN

Сонымен бірге, алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың ұлғайтылған **бұрылыс аймағына** аяқ-қолыңызды салмаңыз.

Алмасты абразивті-қиылатын шынжыр айналып жатқан кезде ғана тасқа арналған мотошапқышты кесілетін материалдан алып шығарыңыз.

Тасқа арналған мотошапқышты абразивті-қиылатын жолмен кесу үшін ғана қолданыңыз – заттарды көтеру немесе лақтыру үшін қолданбаңыз.

Ең алдымен кесу бағытын анықтап алу керек, содан кейін тасқа арналған мотошапқышты тақуа қажет. Содан соң, кесу бағытын өзгертіңіз. Кесу орнын ешқашан құрылғымен ұрмаңыз және соқпаңыз – кесу орнында агрегатты қолдан жібермеңіз – **Бұзылу қаупі тәуір мүмкін!**

Кесу қуаты төмендеген кезде, Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды тексеріңіз, қажет болса тағы да қайраңыз. Бұл үшін құмдақ, газ-бетон немесе асфальт сияқты абразивті материалды қысқа уақыт бойы кесіңіз.

Биіктікте жұмыс істеу кезінде:

- әрқашан көтергіш жұмыс табанын пайдаланыңыз
- ешқашан баспалдақта тұрып жұмыс істемеңіз
- ешқашан тұрақсыз жерде тұрып жұмыс атқармаңыз
- ешқашан иық деңгейінен жоғары жерде жұмыс атқармаңыз

– ешқашан бір қолмен ғана жұмыс істемеңіз

Тасқа арналған мотошапқышты толық газда қимаға енгізіңіз.

Қиманың соңында, тасқа арналған мотошапқыш, қимадағы кескіш гарнитураға енді таянбайтын болады. Пайдаланушы Агрегаттың Салмақ күшін өзіне қабылдауы тиіс – **Бақылауда ұстай алмай қалудан Қауіптілік төне алады!**

Кернеулі электрлік сымдарға су мен қалдықтардың тиіп кетуіне жол бермеңіз – **Электр тогының соғу қаупі тәуір мүмкін!**

2.11 Дірілдер

Мотоқұрылғыны тым ұзақ қолданатын болсаңыз, дірілдің себебінен қолдағы қан айналым жүйесі бұзыла алады ("ақ саусақтар" синдромы).

Құрылғының көпшілік мақұлдаған қолданыс ұзақтығы анықтала алмайды, себебі оның көптеген факторлары бар.

Құрылғының қолданыс ұзақтығы келесі шаралардың арқасында ұлғаяды:

- қол қорғанышы (жылы қолғаптар);
- жұмыс барысындағы үзіліс.

Құрылғының қолданыс ұзақтығы келесі себептерге орай қысқарады:

- жұмысшының қан айналым жүйесі нашар болса (оның белгілері мынадай болады: саусақтар тона береді, қышып дуылдайды);
- сыртқы температуралар төмен болса;
- мотоқұрылғыны ұстау үшін көп күш-жігер жұмсалса (оны қатты ұстаған кезде, қан айналымына кедергі келтіріледі).

Мотоқұрылғыны ұдайы, ұзақ қолданған кезде және тиісті симптомдар қайтадан пайда болған кезде (мысалы, саусақтардың дуылдауы) үнемі медициналық байқаудан өтіп тұрғаныңыз жөн.

2.12 Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

Қозғалтқыштың агрегатына үнемі техникалық қызмет көрсетіп отырыңыз. Осы пайдалану нұсқаулығында сипатталған техникалық қызмет көрсету жұмыстарын және жөндеу жұмыстарын ғана орындау керек. Жұмыстардың барлық бас түрлерін мамандандырылған дилерге тапсыру қажет.

STIHL компаниясы, техникалық қызмет көрсету жұмыстарын және жөндеу

жұмыстарын тек қана STIHL компаниясының мамандандырылған дилеріне тапсыруға ұсыныс береді. STIHL компаниясының мамандандырылған дилерлері біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысып тұрады және олардың иелігіне техникалық ақпарат ұсынылады.

Жоғары сапалы қосалқы бөлшектерді ғана қолданыңыз. Олай болмаған жағдайларда, жазатайым оқиғалардың орын алуынан немесе агрегаттың бұзылуынан қауіптілік төне алады. Қандай да бір сұрақтар туындаса мамандандырылған дилерге жүгініңіз.

STIHL компаниясы STIHL компаниясының түпнұсқалы Қосалқы бөлшектерін қолдануға ұсыныс береді. Олар өздерінің қасиеттері жағынан агрегатпен оңтайлы түрде келістірілген және пайдаланушының талаптарына сай келеді.

Жөндеу, техникалық қызмет көрсету және тазару жұмыстарын жасаған кезде – қозғалтқышты әрқашан сөндіріп отырыңыз – **жарақат алу қаупі төнуі мүмкін!** – Айрықша жағдайлар: Карбюраторды және бос жүрістің тәртіптемесін ретке келтіру.

Егер де Құрамдастырылған қайта қосқыш **STOP** және **0** күйінде орнатылған болса, от алдыру тоқсымындағы түйіспелі ұштықты алып тастаңыз немесе от алдыру білтесін бұрап алыңыз да, Іске қосатын қондырғының көмегімен Қозғалтқышты іске қосыңыз – Цилиндрдің сыртында ұшқын болғандықтан **өрт шалу қаупі** төне алады.

Қозғалтқыштың агрегатына техникалық қызмет көрсетуге және жанып тұрған оттың дәл жанында сақтауға тыйым салынады, себебі **жанармайдың тұтануынан**, өрттің туындау қаупі төне алады!

Бақтың қақпағының герметикалығын үнемі тексеріп отырыңыз.

STIHL компаниясы тарапынан рұқсат етілген, жарамды от алдыру білтесін ғана қолданыңыз - "Техникалық сипаттамалар" бөлімін қараңыз.

От алдыру кәбілін тексеріңіз (оқшаулағыштың мінсіз болуы, қосылыстың тығыз болуы).

Шу басқыштың мінсіз күйін тексеріңіз.

Жарамсыз немесе алынған шу басқышпен жұмыс істеуге болмайды – **өрттің туындау қаупі төнуі мүмкін!** – **Есту қабілетінің зақымдануы мүмкін!**

Ыстық шу басқышты ұстамаңыз – **күйік шалу қаупі төне алады!**

Дірілге қарсы элементтердің күйі, діріл кезінде агрегаттың күйіне әсер етеді - дірілге қарсы элементтерді үнемі тексеріп тұру қажет.

2.12.1 Қозғалтқышты тоқтатыңыз

- ара шынжырының керілуін бақылау үшін
- ара шынжырын қосымша түрде керу үшін
- ара шынжырын ауыстыру үшін
- ақаулықтарды жою үшін

3 Қолдану мысалдары



Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды сумен ғана қолданыңыз. Тасқа арналған мотошапқышты су құбыры торабына (ең кемі 1,5 бар) қосыңыз.

Берілетін су, алмасты абразивті-қиылатын шынжырды суыту және кескіш гарнитураны шаю, сондай-ақ шаңды байланыстыру үшін қолданылады.

Жұмыс істеп болғаннан соң, кескіш гарнитураны шаю үшін тасқа арналған мотошапқышты бірнеше секунд бойы сумен және айналымдардың қалыпты санымен қолданыңыз.

Судың тым төмен қысымы немесе судың жеткіліксіз деңгейі, кескіш гарнитураның анағұрлым тозуына және бүлінуіне себепші болып, жөндеуге келмейді – **үзілу қаупі төне алады!**

3.1 Кесілетін заттарды

- бос қалдырмаңыз
- аунап кетуден және жылжып кетуден бұғаттаңыз
- дірілден қорқаңыз

3.2 Кесілген бөліктер

Жарықтарды, қуыстарды және тағы басқаны өңдеген кезде бөлетін қималардың реттілігі маңызды. Соңғы бөлетін қиманы істеген кезде, алмасты абразивті-қиылатын шынжырды қыстырып алмау керек және кесілген элемент операторға қауіптілік тәндірмейді қажет.

Қажет болса, сыналарды қолданыңыз және кесілетін элементті ұстап тұратын кішігірім бөгет қалдыру керек. Содан соң осы бөгеттерді бұзу қажет.


Элементті түпкілікті түрде бөлудің алдында:

- кесілетін бөліктің салмағын анықтаңыз
- бөлінгеннен кейін элементтің жылжу мүмкіндігін қарастырыңыз
- бөлінетін элемент ішкі кернеуде ме екенін анықтаңыз

Бөлінетін элементті сындырған кезде, көмекшілердің жараланып қалмауын байқап тұру керек.

3.3 Ойып кесу


Тасқа арналған мотошапқышты толық газда қимаға енгізіңіз.




1.Бағыттаушы шинаны, ұшының төмен жағына қарай орнатыңыз2.шинаны ақырындап ойып кесу жайғасымына бұрыңыз3.сақтықпен ойып кесу керек

Әлдеқашан бар болған, тым тар тесіктерге ойып орнатқан кезде, аса абай болыңыз.

3.4 Жұмысты бірнеше тәсілдеме бойынша жасаңыз




- Бөлетін сызық (A) салыңыз




- Бөлетін сызықтың бойында жұмыс істеңіз. Түзеткен кезде алмасты абразивті-қиылатын шынжырды қисайтпаңыз, оны әрқашан жаңадан орнатыңыз

3.5 Дөңгелек және бос заттарды кесу



- Құбырларды, дөңгелек заттарды және т.б. бұғаттаңыз, домалап кетуіне жол бермеңіз
- Бөлетін сызықты сызыңыз – бөлетін сызықты сызған кезде, әсіресе ұзына бойғы қиманың бағытында арматураны болдырмаңыз
- сақтықпен ойып кесу керек
- Бөлетін сызықтың бойымен толық тереңдікте беріңіз – аздап түзеткен кезде алмасты абразивті-қиылатын шынжырды қисайтпаңыз, оны жаңадан орнатыңыз, қажет болса, кесілетін бөлікті ұстап тұратын кішігірім бөгет қалдыру керек. Содан соң осы бөгеттерді бұзу қажет


3.6 Құбырда мөнерлеп кесу



- ▶ Құбырларды, дөңгелек заттарды және т.б. бұғаттаңыз, домалап кетуіне жол бермеңіз
- ▶ Бөлетін сызықты сызыңыз – бөлетін сызықты сызған кезде, әсіресе ұзына бойғы қиманың бағытында арматураны болдырмаңыз

! Сақтандыру

Осы бөлетін сызықтар үшін қолдың көмегімен абразивті-қиылатын жолмен кесуге айрықша сақтық пен дәлдік қажет.




- ▶ Материал үгітілмеуі үшін құбырды, дөңгелек затты және т.б. заттарды бөлетін сызықтың ұшында кесіңіз
- ▶ ең жоғары нүктеде абайлап кесіңіз және екі жақтан сыртқа шығарыңыз – бөлетін сызықтың бойымен толық тереңдікте беріңіз – аздап түзеткен кезде алмасты абразивті-қиылатын шынжырды қисайтпаңыз, оны жаңадан орнатыңыз, қажет болса, кесілетін бөлікті ұстап тұратын кішігірім бөгет қалдыру керек. Содан соң осы бөгеттерді бұзу қажет

4 Кескіш гарнитура

Алмасты абразивті-қиылатын шынжыр, бағыттаушы шина және шынжыр жұлдызшасы кескіш гарнитураның негізін құрайды.

Жеткізілім көлеміне кіретін кескіш гарнитура тасқа арналған мотошапқышқа оңтайлы түрде бейімделген.



- Rollomatic бағыттаушы шинасының шынжыр жұлдызшасының және жетекші жұлдызшаның Алмасты абразивті-қиылатын шынжырының (1) қадамы (t) бір-біріне сай келуге тиіс
- Алмас абразивті-қиылатын шынжырдың (1) жетектерінің қалыңдығы (2) бағыттаушы шинаның ойық еніне (3) сәйкес келуі керек

Бір-біріне сай келмейтін құрауыштар түйіскен кезде, қысқа мерзімді қолданыстан кейін кескіш гарнитура еш жөнделместен бүлініп қала алады.

4.1 Алмасты абразивті-қиылатын шынжыр

STIHL ұсынған алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың дұрыс қолданылуы, оның тиімді түрде қолданылуына кепіл береді және тез тозуына жол бермеуге көмектеседі.

STIHL ұсынған алмасты абразивті-қиылатын шынжыр келесі материалдарды кесу үшін жарамды:

- Бетон
- Темірбетон
- Стандартты құрылыс тастары
- Кірпіш қалауы
- Тас-керамика құбырлары
- қақталатын шойыннан жасалған құбырлар
- Асфальт пен құрылыс кірпіші (құмдақ) сияқты абразивті тастар*
- Тастың қатты жыныстары*, гранит*

*) Қуаты мен беріктігіне қатысты шектеулері бола алады


Басқа материалдарды кесуге болмайды – **Жазатайым оқиға қаупі төнуі мүмкін!**

4.2 Шынжыр қорғанысы


Жеткізілім көлеміне кескіш гарнитурасына сай келетін шынжыр қорғанышы кіреді.

5 Бағыттаушы шина мен алмасты абразивті-қылатын шынжырды монтаждау

5.1 Шынжырлы жұлдызшаның қақпағына демонтаждаңыз




- ▶ Кергі бұрандалардан сомындарды (1) бұрап алыңыз – сомындар шынжырлы жұлдызшаның қақпағында жоғалудан қорғау үшін бекітілген
- ▶ Шынжырлы жұлдызшаның қақпағын (2) алып тастаңыз




- ▶ Бұранданы (3) солға бұрап, қысқыш слайд (4) сол жақтағы корпус ойығына тигенше бұраңыз.

5.2 Алмасты абразивті-қылатын шынжырды орнатыңыз




- ▶ Алмасты абразивті-қылатын шынжырды шина ұштығынан бастап орнатыңыз



- ▶ Бағыттаушы шинаны бұрандамаларға (1) қойыңыз – жетекші буындарды тегістеген кезде, олардың күйі белгіге (нұсқарға) сай келуге тиіс



Жетекші буындар дұрыс орнатылмаса, алмасты абразивті-қылатын шынжыр мен шынжыр жұлдызшасы зақымдалады, содан кейін жөндеуге келмейді.



36 GGM Алмаз абразивті-қылатын шынжыр кез-келген бағытта орнатылуы мүмкін.


- ▶ оң жақтағы бекітетін саңылауды (2) жылжымалы ысырманың шетмойынына қойып, алмасты абразивті-қылатын шынжырдың шынжыр жұлдызшасы (3) бір мезгілде қойыңыз
- ▶ Алмасты абразивті-қылатын шынжыр төменде аздап салбырап тұратын және жетекші буындардың шығыңқы бөліктері шина қуысында орналасатын сәтке дейін бұранданы (4) оңға қарай бұрыңыз

- ▶ Шынжырлы жұлдызшаның қақпағын қайтадан орнатыңыз және сомындарды сәл ғана қолмен бұрап қойыңыз
- ▶ «Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды керу» бөлімін қараңыз

5.3 бағыттаушы шинаны қайтадан орнату

Алмасты абразивті-қиылатын шынжыр дұрыс емес керілген болса ғана бағыттаушы шинаны қайтадан орнату керек болады.

- ▶ Шынжырлы жұлдызшаның қақпағына демонтаждаңыз.
- ▶ Бағыттаушы шинаны алмасты абразивті-қиылатын шынжырмен бірге алып тастаңыз
- ▶ Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды шина ұштығынан бастап орнатыңыз



- ▶ Бағыттаушы шинаны бұрандамаларға (1) қойыңыз – жетекші буындарды тегістеген кезде, олардың күйі белгіге (нұсқарға) сай келуге тиіс

! Сақтандыру

Жетекші буындар дұрыс орнатылмаса, алмасты абразивті-қиылатын шынжыр мен шынжыр жұлдызшасы зақымдалады, содан кейін жөндеуге келмейді.


Нұсқау

36 GGM Алмаз абразивті-қиылатын шынжыр кез-келген бағытта орнатылуы мүмкін.

- ▶ сол жақтағы бекітетін саңылауды (5) жылжымалы ысырманың шетмойынына қойып, алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың шынжыр жұлдызшасы (3) бір мезгілде қойыңыз
- ▶ Алмасты абразивті-қиылатын шынжыр төменде аздап салбырап тұратын және жетекші буындардың шығыңқы бөліктері шина қуысында орналасатын сәтке дейін бұранданы (4) оңға қарай бұрыңыз

- ▶ Шынжырлы жұлдызшаның қақпағын қайтадан орнатыңыз және сомындарды сәл ғана қолмен бұрап қойыңыз
- ▶ «Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды керу» бөлімін қараңыз

6 Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды керу




Жұмыс кезінде ара шынжырының қосымша тартылуы үшін:

- ▶ Моторды тоқтатыңыз
- ▶ Қорғаныс қолғаптарын киіңіз
- ▶ Сомындарын бұрап алыңыз
- ▶ Бағыттаушы шинаны жоғарыға қарай көтеріңкілеп қойыңыз
- ▶ Қашықтық (a) = шамамен 5 мм болмайынша, бұрандаманы (1) бұрауыштың көмегімен оңға қарай бұраңыз.

Ұзартылған алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың себебінен осы қашықтық (a) = шамамен 5 мм белгілене алмаса, онда бағыттаушы шинаны орнату керек – монтаждау үшін «Бағыттаушы шина мен алмасты абразивті-қиылатын шынжыр» бөлімін қараңыз.

- ▶ Бағыттаушы шинаны одан сайын жоғары көтеріңкіреңіз және сомындарын тірелгенше бұрап қойыңыз




- ▶ Алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың кернеуін тексеріңіз – алмастық абразивті-қиылатын шынжыр қолдың көмегімен бағыттаушы шинға керіледі

Жаңа алмасты абразивті-қиылатын шынжыр, ұзақ уақыт бойы қолданылып жатқан шынжырдан да анағұрлым жиі тартылуы тиіс.

- ▶ Ара шынжырының керілісін жиі бақылап тұрыңыз, – «Пайдалану нұсқаулығы» бөлімін қараңыз

7 Алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың кернеуін тексеру



- ▶ Моторды тоқтатыңыз
- ▶ Алмасты абразивті-қиылатын шынжыр ең көбі $a = 15$ мм-ге салбырап тұруы тиіс
- ▶ қажет болса, алмасты абразивті-қиылатын шынжырды керіңіз – «Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды керу» бөлімін қараңыз

Алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың тым көп салбырауының салдарынан, кескіш гарнитура қатты тозып кете алады.

Жаңа алмасты абразивті-қиылатын шынжыр, ұзақ уақыт бойы қолданылып жатқан шынжырдан да анағұрлым жиі тартылуы тиіс.

- ▶ Ара шынжырының керілісін жиі бақылап тұрыңыз, – «Пайдалану нұсқаулығы» бөлімін қараңыз

8 Жанармай

Қозғалтқыш бензиннен және мотор майынан жасалған жанармай қоспасында жұмыс істеуге тиіс.

! Сақтандыру

Жанармаймен тікелей жанасудан және жанармай буларын ішкері жұтудан сақтаныңыз.

8.1 STIHL MotoMix

STIHL компаниясы STIHL MotoMix қоспасын қолдануға ұсыныс береді. Аталған жанармай қоспасында бензол, тетраэтилқорғасын бар, октан саны жоғары болып табылады және дұрыс қоспалар пропорциясын әрдайым қамтамасыз етеді.

STIHL қозғалтқышының барынша көп қызмет ету мерзіміне арналған STIHL MotoMix жанармай қоспасы екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған HP Ultra мотор майымен араластырылған.

MotoMix жанармай қоспасы барлық өткізу нарықтарында тең дәрежеде ұсынылмаған.

8.2 Жанармай қоспасын дайындау

Нұсқау

Жарамсыз жанар-жағармай материалдары немесе нұсқаулықтарға сай келмейтін қоспалар пропорциясы жетекке күрделі зиян келтіре алады. Аса төмен сападағы бензин немесе мотор майы қозғалтқышты, нығыздағыш сақиналарды, құбыржолдары және жанармай бағын бұза алады.

8.2.1 Бензин

Тек қана құрамында тетраэтилқорғасын болатын немесе болмайтын ең аз октан саны 90 ROZ құрайтын **таңбалы бензинді** қолданыңыз.

Этанолдың құрам үлесі 10%-дан жоғары болатын бензин, қолдан ретке келтірілетін карбюратормен жұмыс істейтін қозғалтқыштардың жұмысын іске шығара алады, сондықтан осындай қозғалтқыштар үшін қолданылмауы тиіс.

M-Tronic жүйесі бар қозғалтқыштар, этанолдың құрам үлесі 25%-ға дейін (E25) жететін бензинді қолданған кезде, соның арқасында толық қуат қамтамасыз етіледі.

8.2.2 Мотор майы

Егер жанармай өзі араласатын болса, STIHL екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған майын ғана немесе басқа JASO FB, JASO FC, JASO FD, ISO-L-EGB, ISO-L-EGC немесе ISO-L-EGD сыныпты тиімділігі жоғары майды қолдануға болады.

STIHL компаниясы STIHL HP Ultra екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған майын немесе қозғалтқыштың барлық қызмет ету мерзімі ішінде шығарындылардың шекті мөндерін қамтамасыз ету үшін балама тиімділігі жоғары мотор майын қолдануды ұсынады.

8.2.3 Қоспалар пропорциясы

STIHL екі ырғақты қозғалтқыштарға арналған майы 1:50; 1:50 = майдың 1 бөлігі + бензиннің 50 бөлігі

8.2.4 Мысалдар

Бензиннің мөлшері	STIHL екі ырғақты қозғалтқышқа арналған май 1:50	
Литр	Литр	(мл)
1	0,02	(20)
5	0,10	(100)
10	0,20	(200)
15	0,30	(300)
20	0,40	(400)
25	0,50	(500)

- ▶ жанармайға жарамды болатын канистрге алдымен мотор майын, кейін бензинді құйыңыз және мұқият арастырыңыз

8.3 Жанармай қоспасын сақтау

Жанармайға рұқсат етілген сұйыққоймаларда қауіпсіз, құрғақ және салқын жерде ғана сақтаңыз, жарық пен күн сәулесінен қорғаңыз.

Жанармай қоспасы ескірсе – қоспаның босалқы қорын бірнеше аптаға ғана дайындаңыз. Жанармай қоспасын 30 күннен артық сақтамаңыз. Жарықтың, күн сәулесінің, төмен немесе жоғары температуралардың әсерінен жанармай қоспасы өзінің қолданыс сипаттамаларынан тез айырылады.

Алайда STIHL MotoMix еш қиындықсыз 2 жылға дейін сақтала алады.

- ▶ Канистрді жанармаймен толтырар алдында, оны мұқият шайқап алғаныңыз жөн.

! Сақтандыру

Канистрдегі қысым көтеріле алады, абайлап ашыңыз.

- ▶ Жанармай бағын және канистрді уақыт өте келе мұқият тазартып отырыңыз

Жанармайдың қалдықтарын және тазарту үшін қолданылған сұйықтықты нұсқауларға сай және қоршаған ортаға нұқсан келтірмей кәдеге жаратыңыз!

9 Жанармайды толтырып құю




9.1 Агрегатты дайындау

- ▶ Бакты ластанудан қорғау үшін, оны толтырудың алдында бактың қақпағын және айналасын тазартыңыз
- ▶ Бактың қақпағы жоғары қарайтындай етіп агрегатты жайғастырыңыз

! Сақтандыру

Байонеттік жапқышы бар бактың қақпағын ешбір жағдайда құрал-сайманмен ашпаңыз. Осыдан жапқыштың бүлінуі және жанармайдың төгілуі мүмкін.

9.2 Бактың құлпын ашыңыз




- ▶ Бактың қақпағын тірелгенге дейін төменге қарай қолмен қысыңыз, сағат тіліне қарсы бағыт бойынша бұраңыз (шамамен 1/8 айналым) және алып тастаңыз

9.3 Жанармайды толтырып құю

Жанармайды бактың ернеуіне дейін толтырып құймаңыз және жан-жағына шашыратпаңыз. STIHL компаниясы STIHL компаниясының


жанармай құю жүйесін ұсынады (арнайы құрал-жабдықтар).

9.4 Бактың құлпын жабыңыз



- ▶ Құлыпты орнатыңыз және байонеттік бекіткішке сырғымайынша бұраңыз
- ▶ Құлыпқа қолмен төменге қарай басыңыз, сағат тілінің бағыты бойынша қақпақ бекітілгенше бұраңыз (шамамен 1/8 айналым)


9.5 Бекітілгеннің тексеріңіз



- ▶ Жанармай багының қақпағын алу – қақпақты алу мүмкін болмаса және қақпақтағы және жанармай багындағы таңбалама (нұсқарлар) сай келсе, демек қақпақ дұрыс бекітілген

Егер бак қақпағы алынса немесе таңбалама бір сызықта болмаса, бак қақпағын қайтадан жабыңыз - “Бак қақпағын жабу” бөлімін және “Бекітілгенін тексеру” бөлімін қараңыз. бөлімдерін қараңыз.


9.6 Жанармайға арналған сіңіргіш бастиекті жыл сайын ауыстырыңыз



- ▶ Жанармай бағын босатыңыз
- ▶ Жанармайға арналған сіңіргіш бастиекті ілгектің көмегімен алып шығарыңыз және оны шлангтан ажыратып алыңыз
- ▶ шлангқа жаңа сіңіргіш бастиекті жалғаңыз
- ▶ Сіңіргіш бастиекті қайтадан бакқа салыңыз

10 Моторды іске қосу / тоқтату

10.1 Қиыстырылған иінтіректің төрт күйі



STOP немесе **0** – Қозғалтқыш тоқтатылған – от алдыру жүйесі сөндірілген

Жұмыс күйі I – мотор жұмыс атқарады немесе іске қосыла алады

Жылы түрде іске қосу – жылы мотор осы күйде іске қосылады

Салқын түрде іске қосу – салқын мотор осы күйде іске қосылады

10.2 Құрамдастырылған иінтіректі реттеу

Қиыстырылған иінтіректі **I** жұмыс күйінен суықтай іске қосу күйіне ауыстыру үшін, газ иінтірегінің тежеушісі мен газ иінтірегі бір мезгілде басылуы қажет.

Жылыдай іске қосу күйіне ауыстыру үшін қиыстырылған иінтірек ең басында суықтай іске қосу күйіне ауыстырылып, кейін қиыстырылған иінтірек жылы түрде іске қосу күйіне ауыстырылуы керек.

Жылыдай іске қосу күйіне ауыстыру, тек қана суықтай іске қосу күйінен жүзеге асырыла алады.

Газ иінтірегіне басқан кезде, қиыстырылған иінтірек жылыдай іске қосу күйінен **I** жұмыс күйіне ауысады.

Қозғалтқышты сөндіру үшін қиыстырылған иінтіректі **STOP** немесе **0** күйіне орнатыңыз.


10.2.1 Ауа қақпақшасының жабық күйі

- мотор салқын болса
- газды қосқан кезде Қозғалтқыш тоқтап қалса
- бак толығымен босап кетсе (Қозғалтқыш тоқтаса)

10.2.2 Газды іске қосу күйі

- қозғалтқыш қызған жағдайда (қозғалтқыш бір минут шамасында жұмыс атқарғанда)
- алғаш рет от алдырғаннан кейін
- тұтану камерасын желдеткеннен кейін қозғалтқыш от алмайтын болса

10.3 Тасқа арналған мотошапқышты су құбыры торабына қосыңыз




- ▶ Тасқа арналған мотошапқышты су құбыры торабына (6 л/мин болғанда ең кемі 1,5 бар) қосыңыз.
- ▶ қосудың алдында, тиектегіш шүмекті (нұсқар) толықтай ашыңыз

10.4 Тасқа арналған мотошапқышты қалай ұстау керек


Қосқан кезде тасқа арналған мотошапқышты ұстаудың екі мүмкіндігі бар.

10.4.1 Жер үстінде




- ▶ Тасқа арналған мотошапқышты жерге қойыңыз және оны сенімді орнықты қалыпқа орнатыңыз – орнықты күйге қойыңыз – алмасты абразивті-қиылатын шынжыр жерге немесе өзге заттарға жанаспауы тиіс
- ▶ Тасқа арналған мотошапқышты сол қолмен түтікті саптан қатты қысыңыз – бас бармақты түтікті саптың астына салыңыз
- ▶ оң аяқты артқы тұтқаға қойыңыз

10.4.2 Тізе немесе сан арасына



- ▶ тізелеріңіздің немесе сандарыңыздың арасына оң жақ сапты қысып орнатыңыз
- ▶ шілтер иінтірегін сол қолмен қатты ұстап тұрыңыз – бас бармақты түтікті сап астына қойыңыз

10.5 Іске қосу




- ▶ іске қосатын сапты тірекке дейін оң қолмен баяулап тартыңыз, кейін күрт қозғалыспен тартыңыз, бұл ретте Түтікті сапты төменге қарай жіберіңіз – арқанды соңына дейін шығармаңыз – **Бұзылу қаупі төнуі мүмкін!** Іске қосатын саптың бастапқы күйіне жылдам қайтып оралуына мүмкіндік бермеңіз – Іске қосатын арқан дұрыс оралуы үшін сапты тік күйге тартыңыз

10.6 Тасқа арналған мотошапқышты қосу

Қосудың алдында тиектегіш шүмекті толықтай ашып, алмасты абразивті-қиылатын шынжырға су беру керек – алмасты абразивті-қиылатын шынжыр құрғақ болса, жұмыс істеуге болмайды.

10.6.1 Декомпрессия қақпақшасы




- ▶ Түймешікке бассаңыз, декомпрессия қақпақшасы ашылады

Алғаш рет от алдыру қосылғанда декомпрессия қақпақшасы автоматты түрде жабылады. Сол себептен, оны әрбір рет іске қосуда басыңыз.



Тасқа арналған мотошапқыштың жұмыс ауқымында бөгде адамдар болмауы керек.



- ▶ Газ иінтірегінің тежеуішін (2) және газ иінтірегін (3) бірге басып, ұстап тұру қажет – қиыстырылған иінтіректі реттеңіз


Ауа қақпақшасының жабық күйі

- қозғалтқыш салқын болған кезде (сонымен қатар, газға басқан кезде қозғалтқыш тоқтаса)

Газды іске қосу күйі


- қозғалтқыш қызған жағдайда (қозғалтқыш бір минут шамасында жұмыс атқарғанда)
- ▶ Тасқа арналған мотошапқышты ұстау және іске қосу

10.7 Алғаш от алдырғаннан кейін



- ▶ Қиыстырылған иінтірек (1), λ газды іске қосу күйіне орнатылуы тиіс
- ▶ Декомпрессия қақпақшасы түймешігіне басыңыз
- ▶ Тасқа арналған мотошапқышты ұстау және одан әрі іске қосу

10.8 Қозғалтқыш іске қосылған кезде



- ▶ Газ иінтірегін (2) бірден жіберіңіз, содан кейін қиыстырылған иінтірек (1) кейін **I** жұмыс күйіне, ал қозғалтқыш бос жүріске ауысады

Тасқа арналған мотошапқыш қолдануға дайын.

10.9 Төтенше төмен температура ауқымында

- ▶ Қозғалтқышты аз уақыт бойы газ беру арқылы қыздырыңыз

10.10 Моторды тоқтатыңыз

- ▶ Қиыстырылған иінтіректі **STOP** немесе **0** күйіне орнатыңыз

10.11 Мотор іске қосылмаған жағдайда

Егер мотор алғаш іске қосылғаннан кейін, қиыстырылған иінтірек осы λ Жылыдай іске қосу күйіне уақытылы ауыстырылмайтын болса, Қозғалтқыш «қатып қала беретін» болады.

- ▶ От алдыру білтесін қайта құрастыру үшін – «От алдыру білтесі» бөлімін қараңыз
- ▶ От алдыру білтесін кептіріңіз.
- ▶ Қиыстырылған иінтіректі **STOP** немесе **0** күйіне орнатыңыз
- ▶ Іске қосатын қондырғыны бірнеше рет тартыңыз – тұтану камерасын желдету үшін
- ▶ От алдыру білтесін құрастыру үшін – «От алдыру білтесі» бөлімін қараңыз

- ▶ Қиыстырылған иінтіректің λ Жылыдай іске қосу күйі – Қозғалтқыш қыздырылмаған кезде де орнатылуы тиіс
- ▶ Моторды жаңадан іске қосыңыз

10.11.1 Ылғалды сүзгі

- ▶ қажет болса, ылғалды сүзгіні құрғатыңыз – жылу мөлшері өте көп болмауы керек
- ▶ егер сүзгі қатты ластанған болса, онда сүзгіні тазарту керек – «Ауа сүзгісін тазарту» бөлімін қараңыз

11 Қолдану жөніндегі нұсқаулар

11.1 Бірінші рет қолданған кезде

Жаңа зауыттық Агрегатты, жанармай бағын үшінші рет толтырғанға дейін жүктемесіз жоғары Айналымдар диапазонымен қолданбаңыз, себебі жаттықтырып жұмыс істеген кезде оған қосымша жүктемелер түсуі мүмкін. Жаттықтырып жұмыс істеген кезде, жылжымалы бөлшектер бір-біріне үйкеленуі керек - жетек тетігінде үйкеліске қатысты жоғары дәрежелі кедергі бар. Қозғалтқыш 5-15 рет Жанармаймен толтырылғаннан кейін ең жоғарғы Қуатына жетеді.

11.2 Жұмыс барысында

Нұсқау

Әрқашан су қолданып жұмыс істеңіз.

Нұсқау

Алдамшы жоғары Қуатқа жету мақсатымен карбюраторды аса бәсеңдетілген қоспаға реттемеңіз, себебі Қозғалтқыш бүлініп қала алады - "Карбюраторды ретке келтіру" бөлімін қараңыз.

11.2.1 Ара шынжырының көрілісін жиірек бақылап тұрыңыз

Алмасты абразивті-қиылатын шынжыр ұзарады және салбырайды. Шинаның төменгі жағындағы Жетекші буындар қуыстан ең көбі 15 мм-ге шығып тұруы тиіс – керісінше жағдайда, алмасты абразивті-қиылатын шынжыр ыршып түсе алады – алмасты абразивті-қиылатын шынжырды қаттырақ бұраңыз – "Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды керу" бөлімін қараңыз.

Алмасты абразивті-қиылатын шынжырдың тым көп салбырауының салдарынан, алмасты

абразивті-қиылатын шынжыр мен шынжыр жүлдызшасы қатты тозып кете алады – алмасты абразивті-қиылатын шынжырды қаттырақ бұраңыз – "Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды керу" бөлімін қараңыз.

Жаңа Алмасты абразивті-қиылатын шынжыр, ұзақ уақыт бойы қолданылып жатқан шынжырдан да анағұрлым жиі тартылуы тиіс.

11.2.2 Толық жүктемеде ұзақ уақыт бойы жұмыс істегеннен кейін

Жылудың үлкен бөлігі салқындатқыш ауаның ағынымен аулақ әкетілмейінше, Қозғалтқышты біраз уақыт бойы Бос жүрісте жүргізіңіз, соның арқасында жылудың тоқтап қалуының салдарынан жетектің Толықтырушы бөлшектеріне (От алдыру жүйесі, карбюратор) түсетін жүктеме төмендейді.

11.3 Жұмысты аяқтағаннан кейін

11.3.1 Жұмыста қысқа мерзім бойы үзіліс жасаған кезде

Қозғалтқышты суытыңыз. Жанармай багы толтырылған Агрегатты келесі ретке қолданғанға дейін құрғақ жерде, тұтану көздерінен алшақ жерде сақтаңыз.

Бағыттаушы шина мен Алмасты абразивті-қиылатын шынжырды тазартыңыз, кептіріңіз және STIHL мультиспрейін шашыратыңыз – тоттанудан қорғану үшін – әсіресе жетекші жүлдызшаның мойынтірегіне жағыңыз. Спрейді қозғалтқыштың блогына шашыратпаңыз!

11.3.2 Жұмыста ұзақ мерзім бойы үзіліс жасаған кезде

"Агрегатты сақтау" бөлімін қараңыз


12 Ауа тазалау сүзгісінің жүйесі

STIHL компаниясының Сүзгілері құрғақ күйде ұзақ қызмет етеді.

▶ Әрқашан STIHL құрғақ Сүзгілерін қолданыңыз


Ластанған ауа сүзгісі Қозғалтқыштың қуатын төмендетеді, Жанармай шығынын ұлғайтады және Іске қосуды қиындатады.

13 Ауа фильтрін шешу



2411BA030 KN

▶ Саптың артындағы тиекті бұrandаны нұсқардың бағыты бойынша бұраңыз және сүзгінің қақпағын алып тастаңыз – жоғалмайтын тиекті бұrandаны сүзгінің қақпағына бекітіңіз



2411BA031 KN

▶ Ауа сүзгісін алу

Қосымша сүзгіні алмаңыз және тазартпаңыз.

14 Ауа тазалау сүзгісін тазалау

Егер қозғалтқыштың қуаты айтарлықтай төмендесе:

- ▶ қажет болса, ауа сүзгісін құрғатыңыз – жылу мөлшері өте көп болмауы керек
- ▶ егер ауа сүзгісі қатты ластанған болса, онда сүзгіні тазарту керек

Фильтрді негізгі тазарту шарасы

- ▶ Ауа сүзгісінің элементін STIHL компаниясы ұсынған арнайы тазартқыш құралмен (Арнайы құрал-жабдықтар) немесе жанбайтын тазартатын таза сұйықтықпен (мысалы, сабындалған жылы суда) шайыңыз – Суды шашыратып, ауа сүзгісінің ішін жуыңыз – Жоғары қысымды жуғыш құралдарды қолданбаңыз
- ▶ Ауа сүзгісі элементтерін қатты қыздырмай кептіріңіз, сығылған ауамен кептірмеңіз
- ▶ Ауа сүзгісіне май жақпаңыз
- ▶ Ауа сүзгісін қайтадан орнатыңыз

Бүлінген ауа сүзгісін ауыстырыңыз.

15 Карбюраторды ретке келтіру

15.1 Негізгі ақпарат

Карбюратор зауыттан стандартты күйге келтіріліп жеткізіледі.


Аталған баптауға келтіру жұмысы, барлық қолданыс тәртіптемелерінде моторға оңтайлы жанармай-ауа қоспасы жеткізілетіндей орындалған.

Бұл карбюраторда, бұрандалардың көмегімен ретке келтіру жұмыстарын белгілі шектерде ғана орындауға болады.

От алдыру модулі Ең үлкен айналымдар санын шектейді. Сол себептен Ең үлкен айналымдар, басты реттегіш бұранданы (H) сағат тілінің бағыты (қоспаны кеміту) бойынша одан әрі бұрау арқылы ұлғая алмайды.

15.2 Стандартты күйі

- ▶ Моторды тоқтатыңыз
- ▶ Ауа сүзгісін тексеру – қажет болса, тазарту немесе ауыстыру




